

Орал қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемалары мен тәртібін бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 13 ақпандағы № 230 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 20 ақпанда № 7493-07 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және "Автомобиль көлігі туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11550 болып тіркелген) сәйкес, Орал қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Орал қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемалары осы қаулының 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Орал қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі осы қаулының 13 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Орал қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.


4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Орал қаласының әкімі

М. Байменов

Орал қаласының әкімі
2025 жылғы 13 ақпандағы
№ 230 қаулысына
1-қосымша

"Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің " №12 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Кордон және Ынтымақ ауылдарынан балаларды тасымалдаудың схемасы



Шартты белгілер:

→ - қозғалыс бағыты;

— жол;

□ - елді мекен;




- «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «№12 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі»

*L – ара қашықтық.

Орал қаласының әкімі
2025 жылғы 13 ақпандағы
№ 230 қаулысына
2-қосымша

"Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің " №12 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Кумыска және Өскен ауылдарынан балаларды тасымалдаудың схемасы

«Қарақат» аялдамасы



Шартты белгілер:

→ - қозғалыс бағыты;

— жол;


□ - елді мекен;



- Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «№18 «мектеп-бөбекжай-балабақша кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

*L – ара қашықтық.

Орал қаласының әкімі
2025 жылғы 13 ақпандағы
№ 230 қаулысына
5-қосымша



Шартты белгілер:

→ – қозғалыс бағыты;

— жол;

□ – елді мекен;




– «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «Хиуаз Доспанова атындағы №30 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

*L – ара қашықтық.

Ақп
Чтор
"Пај

Орал қаласының әкімі
2025 жылғы 13 ақпандағы
№ 230 қаулысына
7-қосымша

"Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің " Ө.Н. Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейі" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына "Зачаганский" баутерлік серіктестігінен балаларды тасымалдаудың схемасы



Шартты белгілер:

→ - қозғалыс бағыты;

— жол;

□ - елді мекен;


🏫 - «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «Ә.Н. Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

*L – ара қашықтық.

Активал

Орал қаласының әкімі
2025 жылғы 13 ақпандағы
№ 230 қаулысына
8-қосымша

"Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің " Ә.Н. Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейі" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына "Зачаганский" баугерлік серіктестігінен балаларды тасымалдаудың схемасы



«Қарақат» аялдамасы

Шартты белгілер:

→ - қозғалыс бағыты;

— - жол;

□ - елді мекен;


🏫 - «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «Ә.Н. Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

*L – ара қашықтық.

Активай

Орал қаласының әкімі
 2025 жылғы 13 ақпандағы
 № 230 қаулысына
 9-қосымша

"Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің " Ә.Н. Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейі" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына "Зачаганский" баугерлік серіктестігінен балаларды тасымалдаудың схемасы



Шартты белгілер:

→ – қозғалыс бағыты;

— — жол;

□ – елді мекен;


🏫 – «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «Ә.Н. Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейі»

шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

*L – ара қашықтық.

Орал қаласының әкімі
2025 жылғы 13 ақпандағы
№ 230 қаулысына
10-қосымша

"Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің " №48 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Ынтымақ және Өскен ауылдарынан балаларды тасымалдаудың схемасы



Шартты белгілер:

→ - қозғалыс бағыты;

— жол;

□ - елді мекен;




- «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «№48 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

*L – ара қашықтық.

Орал қаласының әкімі
2025 жылғы 13 ақпандағы
№ 230 қаулысына
11-қосымша

"Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің " №48 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Кумыска және Мапшақова ауылдарынан балаларды тасымалдаудың схемасы



Шартты белгілер:

→ - қозғалыс бағыты;

— - жол;

□ - елді мекен;




- «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «№48 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

*L – ара қашықтық.

Орал қаласының әкімі
2025 жылғы 13 ақпандағы
№ 230 қаулысына
12-қосымша

"Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің " №37 жалпы орта білім беретін мектебі" паруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына "Жұлдыз" пағынауданынан балаларды тасымалдаудың схемасы



*L=7 километр

Шартты белгілер:

→ - қозғалыс бағыты;

— - жол;

□ - елді мекен;



- «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «№37 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

*L – ара қашықтық.

Ак
Чтс
"Пі

Орал қаласының әкімі
2025 жылғы 13 ақпандағы
№ 230 қаулысына
13-қосымша

Орал қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Орал қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі (бұдан әрі – тәртібі) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Автомобиль көлігімен

жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушы 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11550 болып тіркелді) (бұдан әрі – Бұйрық) сәйкес әзірленген және Орал қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібін айқындайды.

2. Балаларды тасымалдау тәртібі

2. Балаларды тасымалдау Бұйрықтың талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен және әр балаға отыруға бөлек орын беріле отырып жүзеге асырылады.

3. Балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушілерге рұқсат етіледі:

- 1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;
- 2) автобустың жүргізушісі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар ;
- 3) соңғы жылдары еңбек тәртібін және қозғалысы ережесін өрескел бұзбаған.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне сәйкес адам өлтіргені, денсаулыққа қасақана зиян келтіргені, адамдардың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауда жүрген немесе қудалауда болған (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларының негізінде оларға қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда) адамдарға балалар тасымалдауға рұқсат берілмейді.

Тасымалдаушы рейс алдындағы медициналық куәландырудан өтпеген жүргізушіні жол жүруге жібермейді.

4. Балаларды тасымалдау үшін бөлінетін автобустардың техникалық жай-күйі, техникалық қызмет көрсетуді жүргізу көлемі мен мерзімдері, жабдықтары Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі " Автомобиль көлігі құралдарын техникалық пайдалану қағидаларын бекіту туралы" № 547 бұйрығымен бекітілген Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12221 болып тіркелген) талаптарына жауап беруге тиіс.

Балаларды тасымалдауға арналған автобустардың кемінде екі есігі болады және " Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-5 бұйрығымен бекітілген, "Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"

санитариялық қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22066 болып тіркелген) сәйкес келеді, сондай-ақ мыналармен:

1) Алдына және артына "Балаларды тасымалдау" деген төрт бұрышты тану белгілері орнатылуы;

2) сары түсті жылтыр шағын маягімен;

3 әрқайсысының сыйымдылығы кемінде екі литр болатын екі оңай алынатын өрт сөндіргіштермен (біреуі - жүргізушінің кабинасында, екіншісі - автобустың жолаушылар салонында);

4) "Автомобильдегі алғашқы медициналық көмек қобдишасының дәрілік заттары мен медициналық мақсаттағы бұйымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 368 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9649 болып тіркелген) автомобильдегі алғашқы медициналық көмек қобдишасының дәрілік заттары мен медициналық мақсаттағы бұйымдарының тізбесіне сәйкес дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдары бар екі алғашқы көмек дәрі қобдишаларымен (автомобильді);

5) екі жылжуға қарсы тіректермен;

6) авариялық тоқтау белгісімен жабдықталуы тиіс.

7) колоннада жол жүргенде – автобустың алдыңғы терезесінде қозғалыс бағытымен оң жағында орнатылатын, автобустың колоннадағы орны көрсетілген ақпараттық кестемен жабдықталады.

5. Екі және одан көп автобус колонналарына жол жүрісі қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган көздеген тәртіппен жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның арнаулы автомобильдері ілесіп жүруге тиіс.

6. Автобуспен тасымалданатын балалар мен ересектердің жалпы саны осы көлік құралы үшін белгіленген және отыру үшін жабдықталған орындардың санынан аспайды.

7. Балаларды тасымалдауды жүзеге асыруға автобустарды дайындау Бұйрықтың 12-тарауының 3 - параграфына сәйкес жүргізіледі.

8. Балаларды тасымалдауға бөлінген автобустарда орындықтардың орналасуы жол жүрген кезде оларды алып жүретін ересектерге өздерінің орындарынан балалардың мінез-құлқын бақылауға мүмкіндік беруі тиіс.

9. Балалардың топтарын көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар жауған, жаңбыр және басқалар), сондай-ақ 22.00-ден бастап 06.00 сағатқа дейін автобустармен тасымалдауға жол берілмейді.

Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тапсырыс берушіге дереу хабарлауға тиіс.

10. Тәуліктің жарық мезгілінде балаларды автобуспен тасымалдау фаралардың жақын қосылған жарығымен жүзеге асырылады.

11. Балаларды тәуліктің қараңғы мезгілінде тасымалдаған жағдайда фаралардың жақын немесе алыс жарығымен қоса тұманға қарсы фаралар пайдаланылуы мүмкін.

12. Автобустардың қозғалыс кестесін тасымалдаушы мен білім беру ұйымдарымен келіседі.

Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуші кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетілген болуы тиіс. Кестенің өзгеруі туралы тасымалдаушы білім беру ұйымдарын хабарлауы тиіс, ол балаларды дер кезінде хабарландыру бойынша шаралар қабылдайды.

13. Балалардың ұйымдастырылған топтарын тасымалдауларына жеті жастан кіші емес балалар рұқсат етіледі.

Жеті жасқа толмаған балалар білім беру мекемесі жұмысшыларының, сондай-ақ ата-анасымен және оларды ауыстыратын адамдармен жеке алып жүруі кезінде ғана жол жүруге рұқсат етілуі мүмкін.

14. Автобустарда жол жүруге мынадай балаларға және ересек еріп жүрушілерге рұқсат етілмейді:

- 1) қауіпсіздік шараларын бұзуға әкеп соғатын, толқыған жай-күйінде;
- 2) алкоголь, есірткі, психотропты және улағыш заттардың әсері болғанда.

15. Оқу орындарына тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы жергілікті атқарушы органдармен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп маршруттарды және балаларды отырғызудың және түсірудің ұтымды орындарын белгілейді.

16. Автобусты күтіп тұрған балаларға арналған алаңшалар, олардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтындай жеткілікті үлкен болуы тиіс.

Жүргізушіге балаларды отырғызу (түсіру) уақытында автобустың кабинасынан шығуға болмайды.

17. Балаларды автобуска отырғызу еріп жүрушінің басшылығымен және жүргізушінің бақылауымен автобус толық тоқтағаннан кейін отырғызу алаңында жүргізіледі.

Көлік құралы жақындаған кезде еріп жүрушілер балалардың оның алдынан жүгіріп шығуына, жүру бөлігінің шетінде топтануына жол бермейді.

Еріп жүрушілер балаларды отырғызу орнына ұйымдасқан тәртіпте (кіші балаларды – екі-екіден сапқа тұрғызып) жеткізеді. Отырғызу автобустың алдыңғы есігі арқылы жүргізіледі.

18. Еріп жүруші отырғызу (түсіру) аяқталғаны туралы хабар бергеннен және автобус есіктері толық жабылғаннан кейін жүргізушіге отырғызу (түсіру) орнынан автобус қозғалысын бастауға рұқсат етіледі.

19. Еріп жүрушілер автобуска отырғызу және одан түсіру, автобус қозғалысы кезінде, аялдау уақытында балалар арасында тиісті тәртіпті қамтамасыз етеді.

20. Балаларды оқу орындарына тасымалдауға тапсырыс беруші үнемі (айына бір реттен кем емес) балаларды отырғызу және түсіру орындарының жағдайын тексереді.

21. Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы уақытында жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

22. Күзгі-қысқы кезеңде алаңдар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

23. Балаларды тасымалдау кезінде автобус жүргізушісіне:

1) сағатына 60 шақырымнан астам жылдамдықпен жүруге;

2) жүру бағытын өзгертуге;

3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, багажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;

4) автобуста балалар болған кезде, оның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;

5) автобустың артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;

6) егер көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ кезде пайдаланылуын болғызбайтын шаралар қолданылмаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын тастап кетуге рұқсат берілмейді;

7) автомобиль колоннасында жол жүрген кезде алда келе жатқан автобусты басып озу.